

## **13 ТАҚЫРЫП. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚ ЖЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

### **Сұрақтары:**

1. *Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерінің түсінігі. Пайдалану ерекшеліктері.*

2. *Қорық жерлерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері, ұлттық дендрологиялық және зоологиялық парктердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері.*

3. *Ботаникалық бақтарға және табиғи ескерткіштерге берілген жерлердің құқықтық жағдайы.*

4. *Сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы жерлердің түсінігі. Осы жерлерді пайдаланудың тәртібі және жағдайы*

5. *Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің түсінігі, құрамы, олардың құқықтық жағдайы.*

### **1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерінің түсінігі. Пайдалану ерекшеліктері**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының 07 шілде 2006 жылы қабылданған Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңмен және Жер кодексімен реттеледі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеріне биосфералық, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік табиғи парктердің, мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік қорық аймақтарының, мемлекеттік табиғи қорықшалардың, мемлекеттік зоологиялық парктердің, мемлекеттік ботаникалық бақтардың, мемлекеттік дендрологиялық парктердің, мемлекеттік табиғи қорық-сепортерлердің жерін қосқанда, мемлекеттік табиғи қорықтардың жері жатады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерінің өзіне тән бірнеше белгілері бар:

- Бұл жерлер ерекше қорғалатын табиғи, ғылыми, тарихи-мәдени, рекреациялық, сауықтыру немесе өзге құндылығы болуы қажет;

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері орналасқан өзге де санаттардағы жерлердің жер учаскелері мемлекет меншігінде болады және жекешелендіруге жатпайды;

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін алып қоюға, сондай-ақ оларды басқа санаттардағы жерлерге ауыстыруға жол берілмейді. Яғни шаруашылық айналымнан толығымен немесе ішінара алынып тасталған;

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерінде олардың нысаналы мақсатына сәйкес келмейтін кез келген қызметке тыйым салынады. Бұл жерлерде қорғаудың ерекше режимі белгіленген;

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи кешендері толық немесе ішінара, мерзімсіз немесе белгілі бір мерзімге шаруашылық пайдаланудан

алып қойылады және олардың ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы ескеріле отырып, төлем шартымен пайдаланылады.

Мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи резерваттарды, мемлекеттік өңірлік табиғи парктерді, мемлекеттік зоологиялық парктерді, мемлекеттік ботаникалық бақтарды, мемлекеттік дендрологиялық парктер мен мемлекеттік табиғат ескерткіштерін құру кезінде жер учаскелері басқа санаттардағы жерлер құрамынан бөлініп, оларды осы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларынан алып қою жолымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына ауыстырылады.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар қорғалу аймақтарының жер учаскелері, оларды жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алмай және жер санатын өзгертпей, басқа жер санаттарының құрамында бөлінеді. Мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және олардың экологиялық жүйелерін қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аумағы шегінде шектеу жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне ауыртпалық болып енгізіледі және жерге орналастыру құжаттамасында ескеріледі.

Жер учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына жатқызу тәртібі жердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 910 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу, сондай-ақ басқа санаттардың құрамындағы жерді олардың нысаналы мақсатының өзгеруіне байланысты жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санатына ауыстыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстық атқарушы органдар (республикалық маңызы бар қала, астана) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген жер учаскелерін алып қою және беру жөніндегі өзінің құзыреті шегінде жүргізеді.

Жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу мүдделі орталық атқарушы органдардың ұсынымы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелеріне оң қорытынды болған кезде жүргізіледі.

Облыстық атқарушы органның (республикалық маңызы бар қала, астана) тапсырмасы бойынша және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы аумақтық уәкілетті органның (республикалық маңызы бар қала, астана) ұсыныстары негізінде тиісті облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган сұралған жерді жергілікті

маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасын әзірлеуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органмен, облыстық органдармен келісіледі және оны облыстық жер қатынастары жөніндегі орган бекітеді.

Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу туралы бекітілген жерге орналастыру жобасының негізінде тиісті облыстық облыстық жер қатынастары жөніндегі органның осы мәселе бойынша шешімінің жобасын дайындайды.

Жерді жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу облыстық атқарушы органның (республикалық маңызы бар қала, астана) шешімі бойынша жүргізіледі.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы тиісті жерге орналастыру жобасын әзірлеуді ұйымдастырады.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу жөніндегі жерге орналастыру жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, орталық атқарушы органмен келісіледі және оны облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы бекітеді.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызу туралы бекітілген жерге орналастыру жобасы және облыстық атқарушы органның осы мәселе бойынша шешімі негізінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселе бойынша шешімінің жобасын дайындайды.

Жерді республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санатына жатқызу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызуға арналған жер құрамына енгізілген жерді жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан алып қою (сатып алу) жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Мемлекеттік орман қоры жерінде мемлекеттік өңірлік табиғи парк құрылған жағдайда осы жердің учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінің санатына жатқызу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік орман қорының жерін ауыстыру туралы шешімінің негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары қабылдайды.

Мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи резерваттарды, мемлекеттік өңірлік табиғи парктерді,

мемлекеттік зоологиялық парктерді, мемлекеттік ботаникалық бақтарды, мемлекеттік дендрологиялық парктерді және мемлекеттік табиғат ескерткіштерін құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алып қою Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте жылжымайтын мүлік меншігіне құқық тоқтатылған жағдайда мүлікті меншік иесінен алып қою Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларына және бекітілген жаратылыстану-ғылыми негіздемелерге сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру туралы шешімдер қабылдайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін жерлерді резервте қалдыру жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жерді алып қоймай жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің құрамына бергенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен резервте қалдырылған жерлерді бұрынғы мемлекеттік немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің меншік иелері пайдаланады, сондай-ақ олар жеке және заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында резервте қалдырылатын аумақтағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметі ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту туралы шешім қабылданғанға дейін шектелуі мүмкін. Бұл ретте жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың резервте қалдырылатын жер учаскелеріндегі шаруашылық қызметін шектеуге байланысты орын алған ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірістерінің залалдарына өтем алуға құқығы бар.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға немесе кеңейтуге арналған резервте қалдырылатын учаскелердегі шаруашылық қызметті шектеуге байланысты орын алған залалдарды жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға өтеу мемлекетіміздің бюджет заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қалалар шекараларының шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту кезінде жерлерді резервте қалдыру белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларды ескере отырып, не қолданыстағы бас жоспарларға, қала салу регламенттеріне және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала салу кадастрына қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып жүзеге асырылады.

Табиғи кешендер, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сондай-ақ осы жерлерде және басқа санаттардағы жерлерде орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері ерекше

қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастардың объектілері болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану және осы саладағы қатынастарды реттеу келесі қағидаларға негізделеді:

1) биологиялық саналуандықты, бірегей және типтік ландшафтарды сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін экологиялық желінің базалық құрамдас бөлігі ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;

3) мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен табиғи экологиялық жүйелерді сақтау;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылымды, мәдениетті, оқу-ағартуды, білім беруді, туризмді дамыту мақсаттарында пайдалану;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудың ақылы болуы;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық;

7) жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы ақпараттың қолжетімділігі;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық болып табылады.

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар дегеніміз** - ерекше құқық қорғау режимі бар мемлекеттік табиғи қорын сақтау және қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметі режимімен жер, су, орман және жер қойнау учаскелері.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың маңыздылығына байланысты 2 түрге бөлінеді:

1. Республикалық;

2. Жергілікті.

**Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар** Үкіметтің шешімімен ғана құруға рұқсат етілген.

**Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар** жергілікті атқарушы органның шешімімен құрылады.

Құру мақсаты мен қорғау режимінің түріне байланысты келесідей республикалық маңызы бар аумақтарды бөліп көрсетеді:

1) мемлекеттік табиғи қорықтар;

2) мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;

3) мемлекеттік табиғи резерваттар;

4) мемлекеттік зоологиялық парктер;

5) мемлекеттік ботаникалық бақтар;

6) мемлекеттік дендрологиялық парктер;

7) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;

8) мемлекеттік табиғи заказниктер;

9) мемлекеттік қорық белдеулері.

Құру мақсаты мен қорғау режимінің түріне байланысты келесідей жергілікті маңызы бар аумақтарды бөліп көрсетеді:

- 1) мемлекеттік аумақтық табиғи парктер;
- 2) мемлекеттік зоологиялық парктер;
- 3) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- 4) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
- 5) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
- 6) мемлекеттік табиғи заказниктер.

Мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілері ол қоршаған ортаның табиғи эталондары. Бұл объектілер бірнеше топқа бөлінеді:

1. Зоологиялық, жануарлардың сирек кездесу түрлері.
2. Ботаникалық, өсімдіктердің сирек кездесетін түрлері.
3. Орман, ерекше қорғалатын ормандар.
4. Дендрологиялық сирек кездесетін ғылыми, таихи мәдени маңызы бар жекелеген ағаштар.
5. Гидрогеологиялық, ерекше құнды су қоймалары. Қазақстанда 150млн. Маңыздылығы бар су қоймалары бар.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру үшін алдын ала ұсыныстар жасалады. Бұл ұсыныстар экология органының, жергілікті әкімшіліктерімен, қоғамдық бірлестіктерімен беріледі.

Ұсыныстың нәтижесінде арнаулы мемлекеттік комитет құрылады. Бұл комиссиялар ерекше аймақты құру жөнінде ресми қорытынды жасайды. Комиссиялардың шешімі нәтижесінде арнайы экологиялық сараптама жүргізіледі. Содан кейін бұл аймақты құру үшін керекті жерлер резервке алынады.

Қазіргі кезде Қазақстанның жер аумағының 0,5 млн. га жері ғана осы ерекше аймақтық жері болып саналады. Биоәртүрлілікті сақтау үшін Қазақстан Республикасы 1994 жылы Биоәртүрлілік жөніндегі конвенцияны бекітті, биологиялық әртүрлілікті сақтау және теңгермелі пайдалану жөніндегі ұлттық стратегия мен іс-қимыл жоспарын әзірледі.

Биоәртүрлілікті сақтаудың неғұрлым тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру болып табылады. Республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының ауданы 13,5 млн. гектарды немесе барлық аумақтың 4,9%-ін құрайды, бұл биологиялық әртүрліліктің экологиялық теңгерімін сақтау үшін тым жеткіліксіз және 10%-ті құрайтын әлемдік стандарттардан төмен.

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын дамыту мен орналастыру тұжырымдамасына сәйкес 2030 жылға дейін олардың алаңын 17,5 млн. гектарға дейін ұлғайту көзделген, бұл республика аумағының 6,4%-ін құрайды.

Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер заңды тұлғалар болып табылады және мемлекеттік мекеме нысанында құрылады. Табиғат қорғау мекемелеріне жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен беріледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан үй-жайлар (құрылыстар және ғимараттар), тарихи-мәдени және басқа да жылжымайтын мүлік объектілері табиғат қорғау мекемелеріне жедел басқару құқығымен беріледі.

Соның ішінде мемлекеттік кәсіпорындар тұрақты пайдаланылған ал басқа тұлғаларға тек қана уақытша пайдалануға келесі мақсаттар үшін бұл:

1. Ғылыми;
2. Мәдени-ағартушылық;
3. Оқу;
4. Туристік және рекреациялық;
5. Шектеулі шаруашылық мақсатына.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтық жерлерінде үш режим қолданылады:

1. Қорықтық режим;
2. Заказник режимі;
3. Шаруашылық қызмет режимі.

**Қорық режимінде** кез келген қызметке, сондай-ақ қоршаған ортаны жай күйіне зиянды ықпал жасайтын барлық қызмет түрлеріне тыйым салынады.

**Заказник режимі** шаруашылық және өзге де қызметті белгілі бір маусымда, белгілі бір мерзімде, белгілі бір арнаулы жерде ғана қоршаған ортаға зиян келтірмейтін қызметтерге рұқсат етілген. Мысалы, ағаш кесуге, аң және балық аулауға кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат етіледі тек қана белгілі бір маусымда, мерзімде.

**Шаруашылық қызмет режимі**, табиғи кешенмен шектеулі түрде пайдалануға, сонымен қатар, жер меншік иелері мен жер пайдаланушылардың табиғи кешендерге және мемлекеттік табиғи қорық қорын азиян тигізбейтін әдістермен тәсілдерді қолдана отырып, шаруашылық қызметтің әдеттегі түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді.

## **2. Қорық жерлерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері, ұлттық дендрологиялық және зоологиялық парктердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері**

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде бірнеше мемлекеттік табиғи қорық бар. Ең бірінші 1926 жылы құрылған Ақсу жабағылы қорығы Оңтүстік Қазақстанда құрылған оның көлемі 85,6 мың га жер. Екіншіден, 1931 жылы құрылған Наурызым қорығы, бұл қорық Қостанай облысында орналасқан оның көлемі 87,7мың га жер. Үшіншіден, 1960 жылы құрылған Алматы қорығы. Төртіншіден, Барса келмес қорығы олардың көлемі 79,7мың га жер. Бесіншіден, 1968 жылы құрылған қорғалатын қор бұл қорық Ақмола облысында орналасқан көлемі 252,3 мың га жер. Алтыншыдан, 1984 жылы құрылған Маңғыстау облысы Үстүрт қорығы 223,3 мың га жер. Жетіншіден, 1992 жылы құрылған Батыс Алтай қорығы Шығыс Қазақстан облысында құрылған көлемі 56,1мың га жер. Сегізіншіден, 1998 жылы құрылған Алакөл қорығы бұл Алматы облысы орналасқан көлемі 12,5 мың га жер. Тоғызыншыдан, 1976 жылы құрылған Шығыс Қазақстан орналасқан Марқакөл қорының көлемі 75мың га жер.

Мемлекеттік табиғи қорық - табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың

жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың негізгі қызметіне:

1) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының биологиялық саналуандығын қорғау және қалпына келтіру режимін қамтамасыз ету;

2) табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелерін, объектілерін зерделеу және олардың мониторингі жөнінде ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

3) экологиялық-ағартушылық қызметті жүргізу;

4) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге объектілерді орналастыру жобалары мен схемалар мемлекеттік экологиялық сараптамасына қатысу;

5) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми және шектеулі туристік мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

Мемлекеттік табиғи қорықтың бүкіл аумағында қорықтық күзет режимі белгіленеді, ол бойынша:

1) аумақтың гидрологиялық режимін өзгертетін іс-әрекеттерге;

2) мемлекеттік табиғи қорықтың жұмыс істеуімен байланысты емес үй-жайлар (құрылыстар және ғимараттар), жолдар, құбырлар, электр желілерін және басқа да коммуникациялар мен объектілер салуға;

3) геологиялық-барлау жұмыстарына және пайдалы қазбалар өндіруге;

4) топырақ қабатын бүлдіруге, минералдар шығымын бұзуға және тау жыныстарын жалаңаштауға;

5) санитарлық мақсатта ағаш кесуді және күтім жасау мақсатында ағаш кесуді қоса алғанда, орман пайдаланудың барлық түрлеріне, тағамдық, дәрі-дәрмектік және техникалық өсімдіктер, гүлдер, тұқымдар дайындауға, шөп шабуға, мал жаюға және өсімдіктер қабатының бұзылуына әкеп соғатын өсімдіктер дүниесін пайдаланудың басқа да түрлеріне;

6) мемлекеттік табиғи қорықтың күзет аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін арнайы бөлінген учаскелерде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен рұқсат етілетін, әуесқойлық балық аулауды қоспағанда, аң аулау мен балық аулауға;

7) жануарларды аулауға және жойып жіберуге, олардың мекендеу ортасы мен жағдайларын бұзуға;

8) жануарлар мен өсімдіктердің жаңа түрлерін жерсіндіруге, жануарлардың жекелеген түрлері санын жерлердің табиғи сыйымдылығы бойынша жол берілетін мөлшерден артық көбейтуге;

9) мемлекеттік табиғи қорықтың коллекцияларын қалыптастыруды қоспағанда, коллекциялық материалдар жинауға;

10) зиянкестерге, өсімдіктер мен жануарлардың ауруларына қарсы, сондай-ақ жануарлар санын реттеу үшін химиялық және биологиялық күрес әдістерін қолдануға;

11) үй жануарларын айдап өтуге;



12) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген нормадан асып түсетін жасанды жолмен жасалатын у-шуға және өзге де дыбыстық әсерлерге;

13) егер қызмет қорғалатын ландшафтардың табиғи көрінісін өзгертуге немесе экологиялық жүйелердің орнықтылығын бұзуға әкеп соғуы мүмкін болса, не ерекше құнды табиғи ресурстарды сақтауға және молықтыруға қатер төндірсе, оған тыйым салынады.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың аумағында орман және дала өрттерінің алдын алу және сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізуге жол беріледі. Қарауында мемлекеттік табиғи қорықтар бар мемлекеттік табиғи қорықтардың қызметкерлерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын қоспағанда, жеке тұлғалар мемлекеттік табиғи қорықтар аумағына рұқсат беретін құжаттар болған кезде ғана жіберіледі.

Қорықтың аумағында немесе оның аумағынан тысқары жерлерде тұратын белгілі бір дінге сенушілердің құрмет тұтатын жерлерге (құлшылық ету орындары) қорық аумағы арқылы өтетін жолдармен баруын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік табиғи қорықтың әкімшілігі тиісті діни бірлестікпен келісім бойынша мемлекеттік табиғи қорық инспекторларының ілесіп жүруімен осы орындарға топталып баруға немесе осы орындарға топталып жақын келуге тегін рұқсат етуі мүмкін.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парк - ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің негізгі қызметіне:

1) мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендерін, бірегей және эталондық табиғи учаскелерін, объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұраны сақтау;

2) мемлекеттік ұлттық табиғи парк пен оның күзет аймағының күзет режимін қамтамасыз ету;

3) экологиялық ағартушылық;

4) биологиялық саналуандықты сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу;

5) Табиғат жылнамасы бағдарламасы бойынша экологиялық жүйелер мен жекелеген табиғи объектілердің мониторингін жүргізу;

6) мемлекеттік табиғи-қорық қорының бүлінген табиғи кешендерін, объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру;

7) мемлекеттік ұлттық табиғи парк пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми, рекреациялық, туристік және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағы:

1) қорық режимі;

- 2) экологиялық тұрақтандыру;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарына бөлінеді.

**Қорық режимі аймағында** кез келген шаруашылық қызметке және мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағын рекреациялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

**Реттелмелі экологиялық туризмді** және мемлекеттік табиғи-қорық қорының бүлінген табиғи кешендері мен объектілерін қалпына келтіру жөнінде іс-шаралар жүргізуді қоспағанда, экологиялық тұрақтандыру аймағында шаруашылық және рекреациялық қызметке тыйым салынып, қорықтық күзет режимі белгіленеді.

**Туристік және рекреациялық қызмет аймағы** мемлекеттік ұлттық табиғи паркке келушілердің реттелмелі қысқа мерзімді демалысы мен ұзақ мерзімді демалысы учаскелеріне бөлінеді. Туристік және рекреациялық қызмет аймағында мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерін сақтауды қамтамасыз ететін тапсырыстық күзет режимі белгіленеді, оның аумағында реттелмелі туристік және рекреациялық пайдалануға (аң аулаудан басқа), соның ішінде рекреациялық жүктемелер нормаларын ескере отырып туристік маршруттар, соқпақтар, демалу алаңқайлары мен тамашалау алаңдарын құруды ұйымдастыруға жол беріледі.

**Шектеулі шаруашылық қызмет аймағында** әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілер орналастырылады, әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулауды ұйымдастыруды қоса алғанда, мемлекеттік ұлттық табиғи паркті күзету және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оған келушілерге қызмет көрсету үшін қажетті шаруашылық қызмет жүргізіледі, рекреациялық орталықтар, қонақ үйлер, кемпингтер, мұражайлар және туристерге қызмет көрсетудің басқа да объектілерін салу және оларды пайдалану жүзеге асырылады. Шектеулі шаруашылық қызметі аймағында мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мынадай қызмет түрлеріне рұқсат етеді:

1) жанама орман пайдалану (шектеулі мал жаю, марал өсіру, шөп шабу, саңырауқұлақтарды, жемістер мен жидектерді әуесқойлық мақсатта жинау);

2) шектеулі дәстүрлі пайдалану алаңдарында ағаш және бұта тұқымдарының екпе материалдарын, дәрі-дәрмектік шөптер және басқа да өсімдіктер өсіру;

3) өтпелі ағаш кесуді қоспағанда, санитарлық мақсатта ағаш кесуді, күтім жасау мақсатында ағаш кесуді жүргізу және бұл ретте алынған сүректі өңдеу;

4) кәдесыйлар, шағын және халықтық кәсіпшіліктер өнімдерін өндіру;

5) балық шабақтарын және тауарлы балықтың байырғы түрлерін өсіру;

6) жылжымалы бал ара павильондарын пайдалана отырып, көшпелі бал ара шаруашылығы;

7) әуесқойлық (спорттық) аң аулау мен балық аулау.

Мемлекеттік дендрологиялық парк — ағаш және бұтақ тектес өсімдіктерді қорғау, пайдалану және өсімін молайту үшін арналған, қорғаудың ерекше режиміне ие болатын табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аймақ болып табылады. Мемлекеттік дендрологиялық парктердің негізгі қызметіне

Қазақстанның ағаш өсімдіктерін сақтаудың, молықтырудың және пайдаланудың ғылыми негізін әзірлеу, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флорасының ресурстарын игеру жатады.

Мемлекеттік зоологиялық парк — сирек кездесетін немесе құрып кету қаупіндегі жануарларды жасанды ортада сақтап тұрумен айналысатын мәдени-ағарту, ғылыми, оқу және табиғат қорғау қызметі үшін арналған табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аймақ болып табылады. Мемлекеттік зоологиялық парктердің негізгі қызметіне Қазақстанның жануарлар дүниесін сақтаудың, молықтыру мен пайдаланудың, дүниежүзілік маңызы бар Қазақстан фаунасының ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлеу жатады. Мемлекеттік зоологиялық парктер:

- 1) экспозициялық - жануарларды ұстау және өсіру, сондай-ақ келушілердің көруі үшін;
- 2) ғылыми - ғылыми зерттеулер жүргізу үшін;
- 3) қоғамдық - келушілерге қызмет көрсету үшін;
- 4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық аймақтарға бөлінеді.

Мемлекеттік зоологиялық парктерде олардың міндеттерін орындауға байланысты емес және оларда күтіп-бағылатын жануарлардың өлім-жітіміне әкеп соғатын кез келген әрекетке тыйым салынады.

Мемлекеттік зоологиялық парктерді пайдаланудың келесідей ерекшеліктері бар:

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер ғылыми, мәдени-ағартушылық және оқу мақсаттарында пайдаланылады;
2. Мемлекеттік зоологиялық парктерде жануарларды, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарларды қамауда немесе жартылай қамау жағдайларында ұстау және өсіру саласында ғылыми зерттеулер жүргізіледі;
3. Мемлекеттік зоологиялық парктер ғылыми деректер банктерін, қорлар, мұражайлар, лекторийлер, кітапханалар мен мұрағаттар құруға, осы ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша ғылыми, ғылыми-көпшілік және басқа да әдебиет шығаруға құқылы;
4. Мемлекеттік зоологиялық парктердің қосалқы шаруашылықтары, шеберханалары, зоологиялық дүкендері мен осы ұйымдардың бейініне сәйкес келетін, бірақ олардың негізгі қызметіне жатпайтын шаруашылық қызметі үшін қажетті басқа да объектілері болуына құқылы.

### **3. Ботаникалық бақтарға және табиғи ескерткіштерге берілген жерлердің құқықтық жағдайы**

Мемлекеттік ботаникалық бақ — сирек кездесетін немесе құрып кету қаупіндегі өсімдіктерді сақтаудың, қорғаудың және өсімін молайтудың ғылыми негіздерін дайындау мен зерттеулерді жүргізуге арналған, табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аймақ болып табылады.

Мемлекеттік ботаникалық бақтар аумағында келесідей белдеулер белгіленген:

- 1) экспозициялық — өсімдіктерді өсіру мен келушілер үшін қол жетімді болып табылады;
- 2) ғылыми — ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін және генофонд коллекциясын сақтау үшін;

3) қоғамдық — келушілерге қызмет көрсету үшін;

4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық.

Ботаникалық бақ аумағында өсіріліп жатқан өсімдіктердің құрып кетуіне әкеп соғатын кез-келген қызмет түріне тиым салынады.

Мемлекеттік ботаникалық бақтарды пайдаланудың келесідей ерекшеліктері бар:

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтар белгіленген тәртіппен ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылады;

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда табиғи, мәдени, отандық және дүниежүзілік флораны жерсіндіру және оның селекциясы бойынша, сондай-ақ Қазақстанның өсімдіктер әлемін зерттеу, сақтау және тиімді пайдалану жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіледі;

3. Өсімдіктердің коллекциялық қорларын қалыптастыру, сақтау, пайдалану жөніндегі ғылыми зерттеулер коллекциялық қорлар өсіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік тапсырыстар негізінде жүзеге асырылады;

4. Мемлекеттік ботаникалық бақтар ғылыми деректер банктерін, қорлар, мұражайлар, лекторийлер, кітапханалар мен мұрағаттар құруға, осы ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет шығаруға құқылы;

5. Мемлекеттік ботаникалық бақтар орман, бақ-парк, ауыл шаруашылығына және басқа салаларға енгізу мақсатында ұсынылған жерсіндірілген өсімдіктер мен олардың репродукцияларын өндірістік сынақтан өткізу үшін шаруашылық эксперименттік базалар құруға құқылы;

6. Мемлекеттік ботаникалық бақтардың қосалқы шаруашылықтары, шеберханалары, өсімдіктер сататын мамандандырылған дүкендері және осы ұйымдардың бейініне сәйкес келетін, бірақ олардың негізгі қызметіне жатпайтын шаруашылық қызмет үшін қажетті басқа да объектілері болуына құқылы.

Мемлекеттік табиғи ескерткіш дегеніміз – экологиялық, ғылыми, мәдени және эстетикалық тұрғыдан алғанда жекелеген бірегей, орны толмайтын, құнды табиғи кешендерді, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне жатқызылған шығу тегі табиғи және жасанды объектілерді қамтитын ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Маңыздылығына байланысты мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жекелеген түрлері және табиғи кешендер республикалық немесе жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері болып жарияланады.

Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасы мен күзет режимінің түрін Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарының шекарасы мен күзет режимінің түрлерін - уәкілетті органның ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары бекітеді.

Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері мен олардың аумақтарын олар қарауына тапсырылған тұлғалардың күзетуіне

беруді уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштерін - оларды ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басқа түрлерінің аумағында орналасқан мемлекеттік табиғат ескерткіштері солардың құрамында ескеріледі.

Мемлекеттік табиғи қаумал дегеніміз - мемлекеттік табиғи-қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға және молықтыруға арналған шаруашылық қызметтің тапсырыстық режимі немесе реттелмелі режимі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Өздерінің функционалдық мақсаты бойынша мемлекеттік табиғи қаумалдар мынадай түрлерге бөлінуі мүмкін:

1) кешендік - ерекше құнды табиғи кешендерді сақтау және қалпына келтіру үшін;

2) биологиялық (ботаникалық, зоологиялық) - өсімдіктер мен жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін сақтау және қалпына келтіру үшін;

3) палеонтологиялық - жануарлардың, өсімдіктердің және олардың кешендерінің қазып алынатын қалдықтарын сақтау үшін;

4) гидрологиялық (батпақты, көлді, өзенді) - сулы-батпақты жерлердің құнды объектілері мен кешендерін сақтау үшін;

5) геоморфологиялық - сирек кездесетін және бірегей табиғи рельеф нысандарын сақтау үшін;

6) геологиялық және минералогиялық - сирек кездесетін геологиялық және минералогиялық түзілімдерді сақтау үшін;

7) топырақтық - топырақтың әдеттегі және сирек кездесетін түрлерін сақтау үшін.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан оларды алып қоймай-ақ, барлық санаттағы жер учаскелерінде құрылады.

Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы мемлекеттік табиғи қаумал орналасқан жер учаскесін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың мемлекеттік табиғи қаумал аумағындағы шаруашылық қызметін шектеу Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген тәртіппен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар:

1) мерзімсіз - жұмыс істеу мерзімі көрсетілмей;

2) ұзақ мерзімді - 10 жылдан астам мерзімге;

3) қысқа мерзімді - 10 жылдан кем мерзімге құрылады.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар бекітіп берілетін табиғат қорғау мекемелері, мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелері арнайы күзет қызметтерінің күшімен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін күзету мен қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады.

Егер кез келген қызмет мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндірсе немесе оларды молықтыруды нашарлатып жіберсе, мемлекеттік табиғи қаумалдарда мұндай қызметке, оның ішінде:

1) кешенді мемлекеттік табиғи қаумалдарда - табиғи кешендерді сақтауға қатер төндіретін шаруашылық қызметке, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге;

2) зоологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда - жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулауға, балық аулауға, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалауға, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіруге, жұмыртқа жинауға;

3) ботаникалық мемлекеттік табиғи қаумалдарда - мал жаюға, шөп шабуға, ағаш кесудің барлық түрлеріне, гүлдер теруге, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алуға, от жағуға, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруіне және жүруіне, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттерге;

4) гидрогеологиялық мемлекеттік табиғи қаумалдарда - тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіруге, үңгірлерді бүлдіруге, жер қазу жұмыстарын жүргізуге, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттерге, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіруге немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулерге тыйым салынады.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар режимінің ерекшеліктері паспортпен айқындалады. Мемлекеттік табиғи қаумалдар ғылыми, экологиялық-ағарту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар белгіленген шектеулерді сақтай отырып, мемлекеттік табиғи қаумалдарда шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

#### **4. Сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы жерлердің түсінігі. Осы жерлерді пайдаланудың тәртібі және жағдайы**

Сауықтыру мақсатындағы жерлер дегеніміз – табиғи шипалы факторлары бар курорттар, сондай-ақ аурудың алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру үшін қолайлы жер учаскелерінің жүйесі.

Адам ауруының алдын алу мен емдеуді ұйымдастыру үшін қолайлы санитарлық және экологиялық жағдайларды сақтау мақсатында сауықтыру

мақсатындағы аумақтар жерінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санитарлық-қорғау аймақтары белгіленеді.

Сауықтыру мақсатындағы жердің күзет, санитарлық-қорғау және өзге де қорғау аймақтарының шекарасы мен оны пайдалану режимін жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындайды.

Белгіленген санитарлық режимге сәйкес осы жер учаскелерін шаруашылық айналымынан толығымен алып қою (санитарлық-қорғау аймағының бірінші белдеуі) көзделетін жағдайларды қоспағанда, санитарлық-қорғау аймақтары шегіндегі жер учаскелері жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қойылмайды. Бұл ретте аталған учаскелер осы Кодексте белгіленген шарттарға сәйкес мемлекеттік қажеттіктер үшін алып қойылады (сатып алынады).

Жер учаскелерін санитарлық-қорғау аймақтарының екінші және үшінші белдеулері шекарасында пайдалану осы аймақтарды күзетудің белгіленген режимі сақтала отырып жүзеге асырылады.

Рекреациялық мақсаттағы жер дегеніміз - халықтың ұйымдасқан түрдегі жаппай демалысы мен туризміне арналған және сол үшін пайдаланылатын жер.

Рекреациялық мақсаттағы жер құрамына демалыс үйлері, пансионаттар, кемпингтер, дене шынықтыру және спорт объектілері, туристік базалар, стационарлық және шатырлы туристік-сауықтыру лагерьлері, балықшы және аңшы үйлері, орман парктері, туристік соқпақтар, трассалар, балалар және спорт лагерьлері, осы сияқты басқа да объектілер орналасқан жер учаскелері кіруі мүмкін. Рекреациялық мақсаттағы жерге қала маңындағы жасыл аймақ жерлері де жатады.

Рекреациялық мақсаттағы жерді пайдалану тәртібі мен режимін жергілікті өкілді және атқарушы органдар белгілейді.

Рекреациялық мақсаттағы жерде олардың нысаналы мақсатына сәйкес келмейтін қызметке тыйым салынады.

## **5. Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің түсінігі, құрамы, олардың құқықтық жағдайы**

Тарихи-мәдени мақсаттағы жер дегеніміз - тарихи-мәдени қорықтар, мемориалдық парктер, қорымдар, археологиялық парктер (қорғандар, қала орындары, тұрақтар), сәулет-ландшафт кешендері, жартастағы бейнелер, ғибадат құрылыстары, шайқас және ұрыс алаңдары болған жер учаскелері.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тарихи-мәдени мақсаттағы жерге жатқызылған жер учаскелері оның меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қойылмайды.

Жергілікті атқарушы органдар тарихи-мәдени мақсаттағы жердің жекелеген учаскелерінде, соның ішінде зерттеуге және сақтап қоюға жататын мәдени мұра объектілерінде кез келген шаруашылық қызметіне шектеу қоюы мүмкін.

## **Бақылау сұрақтары**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерінің түсінігі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері туралы заңдар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлерін мақсатты пайдалану ерекшеліктері.

2. Қорықтар ұлттық дендрологиялық және зоологиялық парктер, ботаникалық бақ, заказник, табиғат ескерткіштері жерлерінің түсінігі,

3. Қорық жерлерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері, ұлттық дендрологиялық және зоологиялық парктердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері.

4. Ботаникалық бақтарға және табиғи ескерткіштерге берілген жерлердің құқықтық жағдайы.

5. Сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы жерлердің түсінігі. Осы жерлерді пайдаланудың тәртібі және жағдайы. Осы жерлерді және олармен аралас аумақтарды санитарлық қорғау округі.

6. Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің түсінігі, құрамы, олардың құқықтық жағдайы.

## **Тест сұрақтары**

**1. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастырады:**

1. жергілікті әкімшілік;
2. ҚР Үкіметі;
3. жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік орган;
4. қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
5. жергілікті маслихат.

**2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық қызмет үшін ғимаратты және құрылысты жалға беру тәртібін кім анықтайды?**

1. ҚР Үкіметі;
2. мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік орган;
3. қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
4. ҚР Әділет министрлігі;
5. жергілікті әкімшілік.

**3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін кім анықтайды:**

1. ҚР Үкіметі;
2. ҚР Парламенті;
3. қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
4. жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік орган;
5. ҚР Президенті.

**4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін ақы**



**алу тәртібін және шартын кім анықтайды:**

1. ҚР Үкіметі;
2. ҚР салық қызметкерлері;
3. ҚР Қаржы министрлігі;
4. қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
5. ҚР мемлекеттік кіріс министрлігі.

**5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін резервке алу тәртібін кім анықтайды:**

1. ҚР Үкіметі;
2. ҚР салық қызметкерлері;
3. ҚР Қаржы министрлігі;
4. қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
5. ҚР мемлекеттік кіріс министрлігі.

**6. Мемлекеттік табиғи заказник не үшін арналған:**

1. мемлекеттік табиғи қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға, молықтыруға;
2. белгілі бір типтегі, сирек кездесетін және уникалды өте сирек кездесетін табиғи жинақтарды барлық жиынтығымен және сыңарымен табиғи жағдайда сақтауға;
3. тек ағаш және бұталы өсімдіктерді қорғауға, молықтыруға және пайдалануға ғана;
4. тек өсімдік әлемін қорғауға, молықтыруға пайдалануға ғана;
5. барлық табиғи кешенді қорғауға және молықтыруға.

**7. Мемлекеттік табиғат ескерткіші не үшін арналған:**

1. мемлекеттік табиғи қорғау қорының жекелеген өте сирек кездесетін объектілерін сақтауға, молықтыруға;
2. тек өсімдік әлемін қорғауға, молықтыруға пайдалануға ғана;
3. белгілі бір типтегі, сирек кездесетін және уникалды өте сирек кездесетін табиғи жинақтарды барлық жиынтығымен және сыңарымен табиғи жағдайда сақтауға;
4. жануарлар әлемін қорғауға, молықтыруға және пайдалануға;
5. жоғалып бара жатқан су объектілерін қорғауға және молықтыруға.

**8. Мемлекеттік қорық не үшін арналған:**

1. белгілі бір типтегі, сирек кездесетін және уникалды өте сирек кездесетін табиғи жинақтарды барлық жиынтығымен және сыңарымен табиғи жағдайда сақтауға;
2. ерекше экологиялық, рекреациялық, ғылыми және басқа да құндылығы бар табиғи және тарихи-мәдени кешендерді және объектілерді көпжақты пайдалануға;
3. мемлекеттік табиғи қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға және молықтыруға;

4. мемлекеттік табиғи қорық қорының жекелеген объектілерін табиғи жағдайда сақтау;

5. сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін сақтауға.

**9. Мемлекеттік ботаникалық бақтар не үшін арналған:**

1. өсімдік әлемін сақтауға, молықтыруға және пайдалануға;

2. тек қана ағаш тұқымдастарды сақтауға, машықтыруға және пайдалануға;

3. мемлекеттік табиғи қорық қорының жекелеген объектілерін табиғи жағдайда сақтау;

4. бір немесе бірнеше өте сирек кездесетін объектілерді сақтауға және молықтыруға;

5. Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктерді сақтауға және молықтыруға.

**10. Мемлекеттік табиғи парктер не үшін арналған:**

1. жергілікті маңызы бар ерекше экологиялық, рекреациялық, ғылыми және басқа да құндылығы бар табиғи және тарихи-мәдени кешендерді және объектілерді көпжақты пайдалануға;

2. мемлекеттік табиғи қорық қорының жекелеген объектілерін табиғи жағдайда сақтау;

3. мемлекеттік табиғи қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға және молықтыруға;

4. халықаралық маңыздағы белгілі бір типтегі, сирек кездесетін және уникалды өте сирек кездесетін табиғи жинақтарды барлық жиынтығымен және сыңарымен табиғи жағдайда сақтауға;

5. республикалық маңыздағы табиғи ескерткіштерді қорғауға.

**11. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар жерлері бола алмайды:**

1. жеке меншікте;

2. ұзақ мерзімді уақытша жер пайдалануда;

3. тұрақты жер пайдалануда;

4. өтеусіз ұзақ мерзім жер пайдалануда;

5. уақытша жер пайдалануда.

**12. Меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер учаскесін алусыз құрылуы мүмкін:**

1. мемлекеттік табиғи заказник;

2. мемлекеттік ботаникалық бақ;

3. мемлекеттік табиғи қорық;

4. мемлекеттік зоологиялық парк;

5. мемлекеттік табиғи парк.

**13. Рекреациялық мақсаттағы жерді пайдалану тәртібі мен режимін кім белгілейді?**

1. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар;

2. Спорт және туризм министрлігі;

3. Жер ресурстарын басқару агенттілігі;
4. ҚР Үкіметі;
5. Денсаулық сақтау департаменті.

#### **14. Халықтың ұйымдасқан түрдегі жаппай демалысы мен туризміне арналған және сол үшін пайдаланатын жерлер-**

1. Рекреациялық мақсаттағы жерлер;
2. Сауықтыру мақсатындағы жерлер;
3. Туризмдік жерлер;
4. Санитарлық режимдегі жерлер;
5. Ұйымдық жерлер;

#### **Әдебиеттер**

1. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. – Алматы: БОРКИ, 1997. – 295 с.
2. Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасындағы жер құқық қатынастары. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 240 б.
3. Стамқұлов А.С. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы: Заң әдебиеті баспасы, – 2005.
4. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан. Общая часть Учебное пособие - Алматы. 2001.
5. Абдраимов Б.Ж., Боголюбов С.А. Земельное право России и Казахстана: проблемы развития, процессуальные формы реализации. - М.: Юристь, 2007. - 454 с.
6. Стамқұлов Ә.С. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. Тараз: Атамұра баспасы, 2003. Жалпы және ерекше бөлім.
7. Қазақстан Республикасы. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы: 2006жылғы 7 шілдедегі Заңы // Егемен Қазақстан. - 2006. -21 шілде.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Ерекше қорғалатын аумақтарды 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасын бекіту туралы: 2000 жылғы 10 қарашадағы қаулысы // Қазақстан Республикасы ПҰАЖ. - 2000. - N47-48. - 555 құжат.
9. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесі туралы: 2006 жылғы 10 қарашадағы қаулысы // Қазақстан Республикасы ПҰАЖ. - 2006. - N42. - 457 құжат
10. Жүнісбекова Ж. Ерекше қорғалатын табиғи қорықтардың құқықтық жағдайы // Заң республикалық ғылыми-практикалық және қоғамдық саяси журналы. - 1999. - N9. - 60-61 бб.
11. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ережесін бекіту туралы: 2006 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысы // Егемен Қазақстан. - 2006. - 11 қазан.
12. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу туралы: 2006

жылғы 13 қыркүйектегі қаулысы // Қазақстан Республикасы ПҰАЖ. - 2006. - N34. - 325 құжат.

13. Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі туралы: 2003 жылғы 3 желтоқсандағы Тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 10 желтоқсан.